

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚАБІЛЕТ МӘСЕЛЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

\*Алпысбай Л. А.<sup>1</sup>, Көшербаева А.Н.<sup>2</sup>, Уристенбекова Г.К.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2</sup>докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада болашақ педагог-психологтердің құзыреттілігін дамыту мәселесі қойылған. Авторлар бүгінгі білімнің қарқынды дамыған дәуірінде оны оқытушы педагогтер мен білім алушылардың ақпаратты қабылдай алу деңгейін дұрыс анықтап, одан әрі дамыту үшін психолог мамандардың атқаратын рөлі зор екендігіне назар аударады және болашақ педагог-психологтерге қойылатын талаптардың да жоғары екенін көрсетеді.

Білім мен тәрбие ісін аманат етер – педагог-психологтердің қоғамдағы атқаратын рөлі қаншалықты жоғары болса, олардың құзыреттілігі де соншалықты маңызды. Бұл зерттеудің мазмұнында құзыреттілік мәселесіне қатысты әртүрлі көзқарастар қарастырылады. Атап айтқанда, авторлар белгілі отандық және шетелдік ғалымдардың, зерттеушілердің теориялық және практикалық еңбектеріне тоқталады. Мақаланың шеңберінде құзыреттілік ұғымының бағыттары мен түрлері ғылыми көзқарастарға негізделіп сипатталады. Осы тұрғыда: адам мен оның қоғамда әлеуметтенуі (әлеуметтік өзара әсер ету, әлеуметтік құзыреттілік, ауызша және жазбаша қарым-қатынас, монолог, диалог, салт-дәстүр туралы сауаттылық т.б.), құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, денсаулықты сақтау мен салауатты өмір салтын ұстану және т.б. құзыреттіліктер. Аталған әр құзыреттіліктердің бағытын ашуда мақала авторлары ойларын түйіндей келе «құзыреттіліктер өзінің табиғатына, қызметіне қарай ерекшеленеді» -деген қорытынды жасайды.

Ұсынылып отырған мақала ерекшелігінің бірі, авторлар кең көлемді «құзырет» ұғымын педагог-психологтің қызметіне қатысты қарастырады. Сонымен қатар коммуникативті қабілетті педагог-психолог үшін ең қажетті деп түйіндейді және қабілеттің сипаттамасына, оның классификациясы мен белгілі тұжырымдамаларға тоқталады. Соның ішінде белгілі Ресей ғалымы В.А.Крутецкийдің педагогикалық қабілеттердің тоғыз топқа бөлінетінін және маманның бүгінгі таңдағы мектеп қабырғасында жасайтын функциялары көрсетіледі. Авторлар «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымын педагог-психологтің іс-әрекетіне қатысты талдап, әртүрлі анықтамалар мен сызбасын келтіреді.

**Тірек сөздер:** педагог-психолог, психологиялық қызмет, педагогикалық психология, құзыреттілік, қабілет, тәрбие, даярлық, психологиялық қызмет, жіктеу, педагогикалық және коммуникативтік құзыреттілік

### Кіріспе

Болашақ педагогтерде құзыреттілік пен қабілетті дамыту мәселелері психологиялық-педагогикалық бағытта кеңінен қарастырылатын тақырыптардың бірі болып табылады. Дегенмен, цифрлық дәуір мен жаһандану әлемінде болып жатқан өзгерістер болашақ мамандарды дайындауда жаңа жақтарын және шешімдерін енгізе отырып, бұл мәселенің актуалды екенін байқатады және білім беру саласындағы бірнеше ресми құжаттарында қамтылған.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасында кәсіби мамандарды даярлаудың сапасы мен деңгейін жақсарту, кәсіби білім берудің мазмұнын жаңарту, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, жаһандық озық үрдістер жағдайында кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртуға, болашақ мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған [1,2]. Бұл педагогтер мен білім алушылардың қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты екендігі де белгілі.

Білімнің қалыптасуы адамзат қоғамының пайда болған дәуірінен бастау алады. Себебі, адам сол сәттен-ақ, табиғаттың әртүрлі құбылыстарына қарай бейімделіп, өзінің қажеттіліктерін өтеу мақсатында өмір сүру дағдыларын үйрене бастады. Олар жақсы мен жаманды ажыратып, өзіне керек нәрселерді тани білді, табиғаттан өз қорегін тауып алып, бертін келе әртүрлі құралдарды жасап үйреніп, өз қажеттілігіне жарата білді. Міне, осылайша білім пайда болды. Білім мен тәрбие деген ұлы ұғымдар сонау ғасырлардан бастау алып, күні бүгінге дейін үздіксіз дамып келеді. Адамзат қоғамы әртүрлі ғасырлар, дәуірлерді артқа тастап, білім мен тәрбиенің, мәдениеттің қарқынды дамуының нәтижесінде бүгінгі – жаһандану дәуіріне аяқ басты. Осы көзқарастан болашақ мамандардың құзыреттілік мәселесін зерттеу өзекті мәселе болып табылады

Қарастырылып отырған мәселе белгілі ғалымдардың концепцияларымен, теориялық және практикалық көзқарастарды қамтиды. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы баланың тәрбиесі туралы ерекше пікір білдірген. Оның пікірінше, ұлды ұлша тәрбиелеу қажеттігін жеке айтып өткен. Ғалымның ұлағатты ойы, ұлт болашағы – ұрпақ тәрбиесінің және мамандардың осы бағыттағы құзыреттілігінің қоғам үшін маңызы зор екенін түйіндейді. Өйткені, бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы.

Н.Д.Хмельдің пікірінше, қарым-қатынас тек біліммен ғана шектелмейді, сонымен қатар, эмоционалды қатынас, қызығушылықты ояту және өзара әрекеттесу сияқты функцияларды атқарады [3]. Мұғалімнің кәсіби қабілеті оның кәсіби шеберлігін көрсететін педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде анықталады.

Мұғалімнің кәсіби қабілеті - қажетті білім, білік және дағдыларды игерумен анықталатыны туралы Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров [4], И.А.Зимняя [5] айтып өткен. Бұл білімдер, дағдылар мен дағдылар оның оқытушылық қарым-қатынасын анықтайды және мұғалімнің жеке тұлғасы ретінде ерекше құндылықтарды, педагогикалық сана мен педагогикалық іс-әрекетті қалыптастырады.

Мақаланың мақсаты: педагог-психологтің құзыреттілігінің ерекшеліктері болып табылады. Осыған орай кәсіби құзыреттілік мәселесі біздің зерттеуімізге аса маңызды болып келеді. Бұл мәселенің теориялық және практикалық аспектілері К.С.Кудайбергенова [6], Б.Т.Кенжебеков [7], Л.Гордон [8], В.М.Семенов [9] және т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде ашылған. Осы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, соңғы онжылдықта жаңа міндеттердің пайда

болуымен байланысты кәсіптік оқыту бағыты кейбір мәселелерді шешуді қажет ететіндігін атап өткен жөн.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу барысында мемлекеттік құжаттарға, белгілі ғалымдардың, сол қатарда жас зерттеушілердің еңбектеріне терең талдау жасалынды. Мәселені теориялық талдауда анализ, синтез әдістері қолданды. Бұл ретте зерттеу материалдарының іріктемесінде өзекті мәселелер орын алды.

Атақты психолог И.А.Зимняның пікірінше, қабілет жаңа ішкі, әлеуетті, жасырын психологиялық құрылымды, адамның құзыреттілігін сипаттайтын білім, ой, процедуралар, құндылықтар мен қатынастар жүйесін білдіреді [5, 14-18 б.].

Адамға жеке тұлға, субъект және болашақ мұғалім ретінде қарайтын құзыреттіліктер:

- денсаулықты сақтау құзыреттілігі: салауатты өмір салтының нормаларын сақтау, темекі шегудің қауіптілігін, адам ағзасының мәдениетін, еркіндігін, өмір түрін таңдау жауапкершілігін түсіну;

- интеграция құзыреттілігі: алған білімдерін кеңейту үшін білімді құрылымдарға бөлу;

- азаматтық құзыреттілігі: азаматтардың құқықтары мен міндеттерін, бостандықтары мен жауапкершілігін, өзіне-өзі деген сенімділігі мен азаматтық міндеттерін түсіну және сақтау;

- өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі: өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, өмірдің мәні, тілді дамыту, ана тілі мәдениетін меңгеру, шет тілдерін меңгеру.

Адам және оның әлеуметтік салаға әсер ету құзыреттері:

- әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі: қоғамды, қоғамдастықты, ұжымды, отбасын, ынтымақтастықты, толеранттылықты, басқа нәсілдерді, жыныстарды, елдерді, мәртебені, діндерді, рөлдерді және т.б. қабылдау және құрметтеу.;

- коммуникативтік құзыреттілігі: ауызша, жазбаша, диалог, монолог, білім, әдет-ғұрыпты сақтау, іскерлік жазу және т.б.

Адамның кәсіби қызметіне қатысты құзыреттіліктері:

- танымдық қызығушылық құзыреті: танымдық мәселелерді қою және шешу, стандартты емес шешімдер, проблемалық жағдайлар;

- кәсіби құзыреттілік: кәсіби іс-әрекет, білім беру, еңбек, іс-әрекеттің құралдары мен түрлері, іс-әрекеттер;

- ақпараттық құзыреттілік: технологиялардың мүмкіндіктері, ақпаратты қабылдау, өңдеу, беру, бұқаралық ақпарат құралдары, мультимедиялық технологиялар, компьютерлік білім, электронды меншік [5. 24-25 б.].

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби іс-әрекетінің маңызды сапасы мен құзыреттіліктерінің бірі ретінде қазіргі таңда олардың коммуникативтік қабілеттілігін айтамыз. Осыған орай, «қабілеттілік» ұғымына тоқталуды жөн көрдік. Өйткені бұл қасиетті қазіргі заманның педагогіне, соның қатарында педагог-психологке дамыту керек.

*Ең алдымен, қабілет дегеніміз не?* Бұл бір әрекетті орындау кезінде әртүрлі деңгейде көрінетін адамның жеке қасиеттері. Данышпан адамдар да оны асыл мұрамен теңестірді. Өйткені, әркімнің өзіндік ерекшелігі бар. Егер адам өзінің қасындағы немесе ұжымдағы әріптесін үнемі құрметтесе және оның өмірін жақсартуы үшін үнемі жағдай жасаса, білмегеніне бағыт-бағдар берсе, қолдау көрсетсе, онда ол үшін қол жеткізбейтін ешқандай қамал жоқ болады. Мұндай жан әлі де өз мақсатына жетіп, еңбегінің жемісін көреді. Олар өз отбасыларына және туған қоғамына үлкен пайда әкелді.

Адамның бойындағы бір нәрсеге деген қабілеттілікті қалай тануға болады? – деген сұрақ міндетті түрде туындайды. Осы тұрғыда ұлы ойшыл Сенеканың пікірінше, адамның бойындағы қабілетінің қандай екенін, оның бір іспен шұғылданғаннан кейінгі нәтижесінен білуге болады. Мұнда адамның барлық іс-әрекетке қабілеттілігі, сол іс-әрекетті жаңаша орындауға қызығушылығы өзінің бойынан табылатынын көруге болады. Сондықтан, адамның қабілеттілігі - ең алдымен, өзінің мінез-құлқын реттеуі, оның өмір сүруіне қызмет ету, психологиялық іс-әрекет жағдайларының негізіне айналу қабілеті. Оны анықтау қабілетінің сипаттамалары: сезімталдық, байқағыштық, көрегендік, ұшқыр тапқырлық, идеяларды оңай тудыру қабілеті, сөзжасам еркіндігі, жалпы қабылдау тенденциясы, ұғымдарды салыстыру (қашықтық, жуықтау, салыстыру және т.б.) және т.б.

Қабілеттердің дамуы мен қалыптасуы әр түрлі деңгейде көрінеді. Бірінші деңгей репродукция, екінші деңгей шығармашылық деп аталады. Мұндағы көбею деңгейі – бір-бірімен бөлісе алатын оқу, жазу және санау қабілеті. Ал, шығармашылық деңгейі - бұл ерекше қабілеттердің көрінісі. Әркім өзінің қабілеттерін дамыту мен қалыптастырудың бастапқы деңгейінде оқытудың икемділігін, білімді игеруді және қажетті белсенділік деңгейін көрсетеді. Екінші деңгейде жаңа нысандар мен туындылар жасауға болады.

Кез келген қабілет еңбек іс-әрекеті арқылы дамып, қалыптасады. Адамның жасаған жаңа заты немесе шығармашылық туындысы арқылы бір-бірімен ерекшеленіп, қабілеттің неге икемділігін ажырата аламыз. Өйткені, қабілет адамның ақыл-ой күшінің ойлау, күшті ерік-жігер, тұрақты мінез, қажымас және өткінші қиял сияқты барлық аспектілерімен тығыз байланысты. Қабілетті адам шығармашылықпен айналыспаса, тіпті талантты болса да, қабілетін жоғалтуы ықтимал. Бұл өмірлік тәжірибемен дәлелденген шындық. Ғалымдар мен психологтер адамның қабілеттерін түрлері мен классификациялары арқылы талдайды.

Қабілеттердің жіктелуі:

- адамның кәсіби қызметінің түріне қарай: инженерлік қабілеті, ғылыми қабілеті, көркемдік қабілеті.

- адам санасының үш түрлі қызметіне мыналар жатады: коммуникативті қабілет, реттеуші қабілет және танымдық (танымдық) қабілет.

Іштей сараптау мен талдауға сәйкес танымдық қабілеттер келесі түрлерге бөлінеді: білімді жинақтау (зерттеу), білімді түрлендіру, есте сақтау қабілетін

сақтау (шығармашылық, креативтілік), білімді қолдануға қажетті интеллектуалдық қабілеттер.

Қабілеттілік туралы бірнеше ұғымдар мен тұжырымдар бар. Мәселен, біріншіден, тұқымқуалаушылық теориясында биологиялық детерминанттар құбылыс ретінде түсініледі, ал олардың қабілеттерінің дамуы мен орындалуы толығымен генетика негізіне байланысты. Бұл түсінікті Ф.Гальтон ұстанған, ол энциклопедиялық сөздік негізінде атақты адамның генетикасын және таланттардың тұқымқуалаушылық бағытын зерттеді. Екіншіден, қабілет теориясы бойынша Гельвецийдің тұжырымынша кез-келген деңгейдегі данышпандарды білім беру арқылы қалыптастыруға болады. Эшби бұл мәлімдемені жеңілдетіп, бұл қабілет процедуралар мен жұмыс қабілеттілігі арқылы жасалатынын айтты. Үшіншіден, кеңестік психологиясында даму қабілеті туа біткен және жүре пайда болған диалектиканы нақтылайтын үшінші ұғым деп сипаттады. Тек анатомиялық және физиологиялық сипаттамалар туа біткен болуы мүмкін, ал қабілеттің өзі қалыптасудың нәтижесі болып табылады. Қабілеттер іс-әрекетте қалыптасатындықтан, олар оның мазмұнына және ересектермен қарым-қатынасына байланысты және олар балаларға бірқатар әрекеттер мен жетістіктерді қамтамасыз етеді. Осыған сүйене отырып, П.Я. Гальперин қабілеттіліктің интериоризацияның нәтижесі екенін анықтады. Ал Б.М. Теплов музыкалық қабілеттерді жоғары деңгейде тәрбиелеуге болатынын сипаттаған, бірақ жалпы қабілеттер әлеуметтік, ал нышандар жеке даралық. Өйткені олар тек генетика арқылы ғана беріледі деп есептейтін қарсыластарымен де келіседі.

Сонымен, қабілет - бұл динамикалық құбылыс. Адамның бір нәрсеге ерекше қабілеттілігі көрініс бергенге дейін оның пропорциясы туралы айту мүмкін емес және оны толық дамыған деп санауға болмайды. Олар тарихи-мәдени тәжірибенің талаптарына жауап береді: баланың абсолютті есту қабілеті оның міндеті дыбыстарды тон бойынша тану болғанша әлі де еленбейді. Кәсіби қызметте коммуникативтік, қаржылық қабілеттілік, ақпараттық бағдарламалау және т.б. сияқты жаңа түрлерін көруге болады. Қабілет мектепте қызмет ететін солардың қатарында педагог-психологтің мамандығына деген белсенділігін артыратын кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын қасиет. Құзыреттілік ұғымының жалпы мәселелерін сипаттай келе педагог-психологке келесі қызметтер қажетті болып келеді. *Педагог-психологтің психологиялық қызметінің функцияларына мыналар кіреді:* психологиялық диагностика; түзету жұмыстары; ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру; психологиялық білім беру; педагогикалық кеңестер мен ата-аналар жиналыстарына қатысу; бірінші сынып оқушыларын қабылдауға қатысу; психологиялық профилактика.

Құзыреттілік мәселесін зерттеуде Т.Есімғалиева тұжырымдары ерекше [10]. Осы тұрғыда көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігін төмендегі 1-сурет арқылы сипаттайды.



Сурет 1 -Болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы (Т.Есімғалиеваның зерттеуі бойынша)

Бұл көптілді білім беру жағдайында, болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігі әлемдік проблемаларды, жаңа өмір салтын, мәдени әртүрлілікті, жаһандық ортамен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін анықтайды. Мұнда, ақпараттық сауаттылық, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілік және педагог-психологтердің кәсіби дайындығы білім беру саласындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыруда көрінетін көрсеткіштер.

Жалпы білім беру саласындағы педагог-психологтер барлық жаңашылдықтарды, қызығушылықтарды біледі және айналасындағы өзгерістерді ескере отырып, өзінің кәсіби қызметінің нақты бағытын арттырады және жаңа білім жинақтау негізінде әртүрлі аспектілерді қарастыруына қызығушылық таныта алады.

Кеңесші психологтің кәсіби қызметінің құндылықтары кәсіби мінез-құлықты реттейді, берілген қызметтің мағыналарын, қызметтің мақсатын және оған қол жеткізудің барабар тәсілдерін, консультативтік өзара әрекеттесуде және білім беру процесінің субъектілерімен өзара әрекеттесуде болып жатқан оқиғаларды түсіндіру тәсілдерін анықтайды. Сонымен қатар, педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігін не сипаттайды - деген сұрақты келесідей анықтаса болады: кәсіби құзыреттілік - бұл педагог-психологтің теориялық білім жүйесін және оларды нақты педагогикалық жағдайда қолдану тәсілдерін, мұғалімнің құндылық бағдарларын, сондай-ақ оның мәдениетінің интегративті көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және оның қызметіне қатынасы) қамтитын көп факторлы құбылыс.

Бұл бағыттағы ойымызды тереңдететін мысалға тоқталу қажет. Бұл практик педагог-психологтің өзіндік сипаттамасы: Мен педагог-психологпін. Мен

мектептерде, балабақшаларда, колледждерде, университеттерде жұмыс істеймін және балалардың немесе жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуіне, олардың психологиялық денсаулығына, дамуы мен мінез-құлқына жауап беремін. Мен үшін әр адам, тіпті бір жасар адам да жеке тұлға. Егер ол жақында ғана жүруді үйренсе де, ол ересек адам сияқты барлық эмоцияларды сезінуге құқылы. Мен балаларға ешқашан: «сенің бойыңдағы проблемаларыңды айтам» - деген ойды айтпаймын. Себебі мұндай нәрсені ашық айтуға немесе жариялауға болмайды; әр балада проблемалар кездеседі, біреуінде қоршаған ортасына байланысты болса, басқасында физиологиялық дамуымен байланысты болып келеді. Басты мақсат осыны түсіндіру. Мысалы, бесінші сынып оқушысы үшін сыныпта болған оқиға нағыз трагедия және ұйқысыздықтың себебі болуы мүмкін, ал жасөспірім жасындағы тұлға оқиғаны түзетуге болатынын нақты біледі.

Мектеп жасындағы балаларда көп кездесетін жағдайлар: басқаларды түсінбеу, отбасындағы қиындықтар, өзіне деген сенімсіздік. Мұның бәрі адамның дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Педагог-психологтің міндеті – жанжалдың қайдан пайда болғанын түсіну (сыртқы немесе ішкі) және әркімге өзін-өзі түсінуге көмектесу, ал ұжымына өзара түсіністік табу.

Егер бала үнемі сынға ұшыраса, ол әрине ашуланшақ болады; ал егер жігерленсе, ол өзіне сенуді үйренеді. Егер бала жылы және достық ортада өссе, онда ол айналасындағы барлық нәрсеге мейірімділік пен сүйіспеншілікпен қарайды. Педагогтар мен педагог-психолог мамандар оқуға, қарым-қатынасқа, физикалық, интеллектуалдық және моралдық өсуге қолайлы атмосфера құруға көмектеседі. Бірінші кезекте сабақтарда, үзілістерде, асханада балаларды бақылау жүргізіледі. Олармен маман жеке сөйлеседі. Ал диагностиканы ойын түрінде жүргізу тиімді нәтиже береді. Мысалы, балалар мектепті, отбасын, мұғалімдерді, өздерін болашақта және қазіргі уақытты сурет арқылы қағазда бейнелейді. Бұл білім алушылар туралы ақпаратты нақтылауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда педагог-психологтер әр білім беру мекемесінде, тіпті лагерде болуы керек. Олардың рөлі күн сайын артып келеді. Мектептерде мұғалімдер үшін психолог лауазымын енгізу ұсынылады. Мұндай маманның кәсібилік деңгейі қандай болуы керек екенін елестетіп көріңіз - тірі адамдармен жұмыс істегенде қателесуге болмайды.

Жоғарыда айтылғандай құзыреттіліктердің қатарында педагог-психологтерге тән коммуникативтік құзыреттілік. Бұл ұғым – «коммуникативтілік», адамдармен тез және оңай ортақ тіл таба білу. Педагог-психолог оқушылармен (клиентпен) түсінікті тілде сөйлеуі керек. Қарым-қатынасты жақсарту үшін сөйлеуді жүйелеп, сұхбаттасушылардың беретін ақпараттардың дұрыс жеткізілуі маңызды. Қарым-қатынастағы кері байланыс бұл рефлексия. Ол адамның өзін, іс-әрекетін, нәтижелерін сыни тұрғыдан талдау қабілеті.

Қазіргі өзекті мәселелердің бірі виртуалды кеңістікке байланысты коммуникациясының жаңа арнасының пайда болуы. Ғаламтор (интернет) – үздіксіз үнемі өзгеріп отыратын құбылыс. Әлеуметтік медиа мен мобильді технологиялар ғаламтордың (интернет) қарқынды дамуына жол ашты. Интернеттің дамуы

халықаралық қатынастардың жаңа әдістерін енгізді. 2004 жылы дүниеге келген Facebook 2230 миллионнан астам белсенді қолданушысы бар ғаламдық желіге айналды. Мобильді технология ғаламтордың таралуын арттырып, қолданушылар санын көбейтті. Сондықтан, ақпараттық құзыреттілікті дамытуда ғаламтор - бұқаралық ақпарат құралдарындағы ең еркін ақпарат көзі. Ғаламтордан көретін, алатын ақпараттың оқушылар үшін психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды.

Жаһандану процесі бүгінгі жастарды да айналып өткен жоқ. Қазақстан Орта Азияда телекоммуникация саласында алдыңғы қатарға шыққан елдердің бірі. Ол елімізде 4G технологиясы өте кең таралған. Азияның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанда кең жолақты ғаламтордың қамтамасыз етілген және мобильді ғаламтор белсенді қолданылады. Осы тұрғыда «Цифрлы Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламасы 2017 жылдан бастап ортақ цифрлық инфрақұрылымды неғұрлым мүмкін етуге бағытталған. Бұл, цифрлық технологиялар мен ғаламтор желісінің әсерінен бүгінгі кезең жаңа сипат алды. Ақпарат тарату пішіні ғана емес, сол ақпараттың жастарға әсерінің маңыздылығы өзекті мәселе болып отыр. Әрине ең алдымен, ақпараттың адамның өмірін қалай өзгертетінін айқындау. Мектеп оқушылары әлеуметтік желідегі ақпараттарға еліктеуіш келеді. Ойын, тапсырмалар мен үлгі болатын кейіпкерлерінің әрекетін қайталауға тырысады. Мұндай мәселе, болашақ педагог-психологтің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруды талап етеді. Өйткені, болашақ кәсіби қызметінде жұмыс жүйесін ұйымдастыруда ықпалы зор.

Коммуникативтік құзыреттіліктер келесі бөліктерден тұрады:

- коммуникативтік сауаттылық бойынша білім беру (қажетті тілдік білім, педагогика және психология, конфликтология, эмоционалды интеллект, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу);

- коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер (іскерлік қарым-қатынастарды нақты және жылдам орнату, орындаушылық іс-әрекеттер, тұлғаны дұрыс қабылдау мен түсінуге негізделген психологиялық ықпал, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен ынтымақтастықтағы белсенді әрекеттер);

- эмпатия қабілеті (түсіну қабілеті, басқаша сезіну қабілеті және т.б.);

- өзін-өзі бақылау қабілеті (басқаның және өзінің мінез-құлқын реттеу қабілеті, әңгімелесушінің моделін құру, жағымды психологиялық атмосфера құру, тұлғааралық қатынастарды болжау қабілеті);

- вербалды және вербалды емес қарым-қатынас мәдениеті (сөйлеу дағдылары, риторикалық дағдылар, дәлелдеу дағдылары мен келісім-шарттар, кәсіби оқыту этикасының ережелерін сақтау, тұжырымдамалық жіктеу ақпаратын мақсатты пайдалану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербалды емес құралдарды қолдану) [11].

Қазіргі зерттеулерде жаңа мазмұнмен толықтырылған осы тұжырымдаманы талдау және пайымдау жалғасуда. Жақында коммуникативті дағдылар «тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдылар мен дағдылардың жиынтығы»



ретінде түсіндіріліп, енді кеңірек мағынаны қамтиды және жеке аспектілерді біріктіреді.

Сонымен, коммуникативті құзыреттілік - бұл ұйымдастырушылық өзара әрекеттесу үшін қажетті білімнің, икемділіктің және дағдылардың жиынтығы, оны тиімді коммуникативті тұлғааралық қарым-қатынасты құруға негізделген тұлғаның ішкі жоспары ретінде қарастыруға болады.

Коммуникативті құзыреттілік - бұл педагогтардың оқу-тәрбие үдерісінде үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруды қажет ететін, өзара бірлескен ақпарат алмасудан туындайтын коммуникативті міндеттерді шығармашылықпен шеше білу қабілеті. Осыған байланысты қарым-қатынас қабілеті - бұл қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын білімнің, икемділіктің және құндылыққа бағдарланудың жиынтығы деп айтуға болады.

Болашақ педагог-психологтерді маман ретінде даярлауда кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру маңызды сапаларының бірі. Ол болашақ педагог-психологтің кәсіби шеберлігінің жетілуін, оқушылардың оқуға деген құштарлығын, күн сайын ынтасын арттыруға қоладау көрсету, мотивация беруін талап етеді. Оқушылардың қабілетін арттырумен қатар, қоғамда әлеуметтенуінде жинақталған білім мен тәжірибені ұштастыра білуден көрінеді. Кәсіби және тұлғалық даму көзқарастары, кәсіби мүмкіндіктері үнемі жетілдіріліп, жаңартылып отыруы керек. Құзыреттілік тек субъектінің жеке айналасында қалыптаспайды. Ол үнемі толықтыруды және дамуды қажет етеді. Оның қалыптасуына әлеуметтік орта, қарым-қатынас, білім, қабілеттер мен дағдылар әсер етеді. Осы қасиеттердің барлығы бір бағытта үйлескенде ғана белгілі бір дәрежеде болашақ педагог-психологтердің кәсіби қабілетін белсендіруге болады және сол арқылы кәсіби құзыреттілігі қалыптасады.

### **Талқылау**

Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің қазіргі жағдайын зерттеу педагогикалық және психологиялық ғылымда бұл проблема келесі бағыттарда егжей-тегжейлі ашылады деп айтуға мүмкіндік береді: болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (М.Семенов, Қ.Құдайбергенова, В.В.Краевский және т. б.);

Бұл тақырыпта зерттеу жүргізген М.Семенов пікірінше, құзыреттілік «педагогтің оқыту мен әлеуметтану барысында меңгерген білімі мен тәжірибесіне негізделген жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығын айқындайтын қасиеті [9, 23-29 б.]. Ал Қ. Құдайбергенова көзқарасынша, құзыреттіліктің жалпы латын сөзінен шыққандығын айтады және оның тұжырымдамасы бойынша, бұл ұғым «белгілі бір саладағы қабілеттілікті білдіреді» дегенге келіп саяды [6, 44-45 б.].

Т.Есімғалиеваның пікірінше, педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігі - бұл мұғалімнің жеке психологиялық сапасы, оның мақсаты, мәні, құрылымы мен құралдары туралы түсінігін, кәсіби іс-әрекетті (білімді) түсінуін және осы іс-әрекеттің дағдыларын (біліктіліктерін, дағдыларын) меңгеруін қамтамасыз етуі.. Мұғалім-психология жетілдіру және стандартты емес тапсырмаларды

орындаудағы қабілеті [10, 11-14 б.]. Қорыта келгенде, аталған ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, «кәсіби құзыреттілік» ұғымына – «педагогтің өз мамандығы бойынша білім мен оқыту жүйесінің қыр-сырын толықтай білуі, педагогикалық шеберлігі мен қабілетінің жоғарылығы, оқытудың жаңа технологияларын толықтай меңгергендігі, сондай-ақ, білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі жетік тәжірибесі» - деп түсінік беруге болады. Демек, жоғарыда айтылған талаптарға сай келетін маман – кәсіби құзыретті педагог болып табылады [14]. Бұл саланың зерттеушілері құзыреттілікті бірнеше сатыға бөліп сипаттаған. Мәселен, олар педагогтің жаңа технологиялар мен техниканы меңгеруін – ақпараттық құзыреттілік, сыртқы ортамен қарым-қатынасын жүйелі түрде бақылауда ұстай білу қабілетін – коммуникативтік құзыреттілік, өзінің және өзгенің құқықтарын құрметтей отырып, қоғамдық мәселелерде белсенділік таныта білу қабілетін – әлеуметтік-құқықтық құзырет, ал маманның белгілі бір саладағы жұмысшы құзыреттілігін сипаттай алуын – арнаулы құзыреттілік деп қарастырады.

Осы негізгі қабілеттердің мазмұнын дамыта отырып, Қ.Түймебаев әлемдік педагогикалық ой-сана туралы еңбегінде оқу материалдарын оқушыларға түсінікті әрі өмірмен сабақтастыра жеткізу (бұл екеуі – дидактикалық қабілет тобы б.т.); мұғалімнің оқушыны түсінуі; балаларға деген қызығушылық, жұмыстағы шығармашылық, балаларға қатысты бақылампаздық, балаларға педагогикалық еріктік әсер ету, педагогикалық талап қоюшылық, педагогикалық әдеп, балалар ұжымын ұйымдастыра алу, мұғалім тілінің мазмұндылығы, ашықтығы, бейнелілігі, сенімділігі секілді қабілеттерді қоса қарастыру [15].

Білім-ғылым турасында сөз қозғағанда, «ұстаз» деген ұлы ұғымға тоқталмай өту мүмкін емес. Демек, бірінші кезекте «педагогика» ұғымына қысқаша түсініктеме бере кеткенім жөн деп ойлаймын. Педагогика – оқыту мен білім беру, тәрбиелеу ісіндегі жүзеге асырылатын іс-әрекеттер жиынтығы десек, психология – сол тәрбиеленушінің бойындағы әр қилы жай-күйін, сезімдері мен ой-санасын, өрісін, зейінін, жалпы психикасын зерттейтін ғылым. Ғылымның аталған екі салсының бірігуі нәтижесінде «педагогикалық психология» ғылымы пайда болды. Ғылымның бұл саласы білім беру мен оқыту, тәрбиелеу ісіндегі баланың өзіндік ерекшеліктерін, зейін деңгейін, сондай-ақ, баланың түйсігінен туындайтын іс-әрекетін зерттейтін ғылым болып табылады. Аталған ғылым салаларын толықтай меңгерген мамандарды – педагог-психолог деп танимыз.

## **Нәтижелер**

Жоғарыда айтылғандай біздің зерттеуіміздің өзектілігі және мақсаты - болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін зерттеу болып табылады. Осы тұрғыдағы эксперимент М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің психология факультетінде жүргізілді. Зерттеуге «Білім беру психологиясы» дайындық бейіні бойынша оқитын психология факультетінің 1курс бакалаврлары қатысты.

Зерттеу барысында экспериментті кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қарастырдық. Экспериментті жүргізу үш кезеңнен тұрды: дайындық, негізгі және

қорытынды. Дайындық кезеңінде болашақ педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері анықталды. Жоғарыда аталған авторлардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ескере отырып, педагог-психологтің кәсіби қызметінің мазмұнын негізге ала отырып, педагог-психологтің біліктілік сипаттамалары мен лауазымдық міндеттеріне қойылатын талаптарды қойып кәсіби құзыреттіліктердің келесі құрылымдық компоненттерін анықтадық: когнитивті, белсенді, эмоционалды-мотивациялық. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігінің осы құрылымы негізінде оның қалыптасуының келесі өлшемдерін бөліп қарастырдық: кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті теориялық білімнің қалыптасуы; кәсіби міндеттерді жүзеге асыруға және психологиялық-педагогикалық бағыттың кәсіби қызметін ұйымдастыруға дайындық; мотивация мен тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасуы.

Зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық бағыттың кәсіби қызметін ұйымдастыру дайындығына ерекше көңіл бөлінді. Осы тұрғыда, болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда олардың мектеп оқушыларымен жұмыстарын дамыту қажет. Сондықтан, болашақ мамандар 2023-2024 оқу жылы Алматы қаласының бірнеше мектептерінде SACERS халықаралық өлшем шкалалары бойынша өткізіліп жатқан арнайы экспериментке қатысты. ЖББМ №19 мектепте жүзеге асырылған экспериментте болашақ педагог-психологтер мектептің білім беру ортасын, соның ішінде оқушылардың Soft skills аясындағы жеке, әлеуметтік, танымдық, сандық, коммуникативтік қабілеттері мен құзыреттіліктерінің, қарым-қатынастың дамуын, қоршаған ортаны, оқыту процесін ақпараттық-техникалық жабдықтармен қамтамасыздандыруын, білім беру мекемесінің инфраструктурасын, т.б. жақтарын зерттеді. Эксперименттік жұмыстың нәтижесі келесі график арқылы жинақталды (1, 2, 3 суреттер )




Сурет 2 - Денсаулық және қауіпсіздік шкала көрсеткіштері

Денсаулық және қауіпсіздік шкаласы бойынша өлшем шарты бойынша сапа көрсеткіші 5.5 балды құрайды. Мектепте науқас бала үшін арнайы жабдықталған бөлме (медициналық кабинет) бар. Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде балалар арнайы жабдықталған үй-жайларда оқшауланады.

Науқас баланы күту кезінде қызметкерлер тиісті сақтық шараларын қолданады. Экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарына сәйкес оқушылармен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүргізіледі. Педагогикалық ұжым оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығы мәселелері бойынша (мысалы, есту немесе көру, тәбетінің төмендеуі, оқшаулану, агрессия, депрессия) мәселелері бойынша ата-аналармен өзара байланысады (психолог немесе әлеуметтік педагог балалардың денсаулығына қатысты өтініштердің барлық түрлерін ескереді). Барлық тұрақты қызметкерлер медициналық мамандар келгенге дейін алғашқы шұғыл көмек көрсету дағдыларына ие болуы керек.


«Белсенді әрекеттер және уақыт өткізу» өлшемнің шарты бойынша сапа көрсеткіші 4.1 балды құрады. Бұл шкала бойынша білім алушыларға музыкамен айналысу үшін керекті барлық құрал жабдықтар бар (мысалы, музыкалық аспаптар, LED экрандар және т.б). Білім алушылар өз еріктерімен би немесе музыка қосымшаларына қатыса алады. Білім беру бағдарламасына білім алушылардың этномәдени санасын дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізу қажет. Білім алушылар берсенді әрекеттер барысында бір-бірін ренжітуге, қорлауға жол бермеуі тиіс (3 сурет).



Сурет 4 - Белсенді әрекеттер және уақыт өткізу көрсеткіштері

«Өзара әрекеттесу» шкала шарты бойынша сапа көрсеткіші 5.8 балды құрайды. Мектепте оқушылардың мінез-құлқының белгіленген ережелері бар. Балалардың мінез-құлқы жасына және дамуына сәйкес келеді (мысалы, балалар ересектерді байқайды, сәлемдеседі, мектеп ережесіне бағынып мектеп формасын киеді). Мектеп қызметкерлері білім алушылардың өзара теріс кейкілжіңдерді болдырмауға және алдын алуға тырсады. Білім алушылардың өзара қарым-қатынасы, позитивті (оқушылар өзара жақсы ойнайды, сөйлеседі). Дегенмен өзара байланыста қазіргі таңдағы өзекті мәселе буллинг жайында мұғалімдер мен

психологтер бірлесе отырып барынша жас өспірімдермен семинар тренингтер өткізу ұсынылады.



Сурет 4- Өзара әрекеттесуі өлшем көрсеткіші

Болашақ педагог-психологтердің құзыреттілігін қалыптастыруда мектеп аясында назар аударатын тағыда бір ұтымды нәрсе – қарым-қатынас. Осы арада, оқушылардың ең көп пайызы, яғни 56% үзіліс немесе түскі ас кезінде сыныптастарымен «әрқашан» сөйлеседі, ал 21% «жиі» сөйлеседі. Оқушылардың 13%-ы «кейде» деген мәліметті айтады. Оқушылардың 7%-ы «сирек» қарым-қатынаста болады екен. Оқушылардың 2%-ы үзіліс немесе түскі ас кезінде сыныптастарымен ешқашан сөйлеспейтіндерін айтты. Оқушылардың көпшілігі түскі үзіліс немесе түскі ас кезінде сыныптастарымен кем дегенде бір рет сөйлеседі

Сонымен, келтірілген зерттеулерге болашақ педагог-психологтерді тарту олардың белсенділігін және білім беру нәтижелерін жақсарту үшін өте маңызды. Белгілеген критерийлермен орташа баллдарды ескере отырып, болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың келесі деңгейлері анықталды: жарамсыз, сыни, негізгі, жоғары.

Зерттеу кезеңінде эксперименттің соңғы кезеңі зерттеу нәтижелерін талдауды және зерттеу гипотезасының негізгі ережелерін нақтылауды қамтыды. 1-кестеде болашақ педагог-психологтерде кәсіби құзыреттіліктің әрбір компоненті бойынша көрсеткіштердің қалыптасуының жиынтық нәтижелерін ұсынамыз (когнитивті, белсенді және эмоционалды-мотивациялық).

Кесте 1-Болашақ педагогтерде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерінің жиынтық деректері

Деңгейлері			
Жоғары	Негізгі	Сыни	Жарамсыз

саны	%	саны	%	саны	%	Саны	%
0	0	8	45	15	55	0	0

1-кестеден көріп отырғанымыздай, болашақ педагог-психологтерде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуының базалық деңгейі (субъектілердің 45%) және сыни деңгей - субъектілердің 55% - анықталды.

Осылайша, жүргізілген зерттеу барысында мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: айқындаушы эксперименттің нәтижелері болашақ педагог-психологтерде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуының сыни деңгейінің басым екендігін көрсетті, бұл өз кезегінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды іске асыруды талап етеді.

### **Қорытынды**

Сонымен, зерттеуімізді қорытылай келе мынадай тұжырым жасауға болады: құзыреттілік ұғымының бүгінгі таңдағы жан-жақты мазмұнына қарай ғалымдар тұғыр ретінде қарастырыды. Осы орайда, құзыреттілік тұғыр – бұл оқу-тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие үрдісін ұйымдастыру және оларды талдау мен сараптау, іс-әрекеттің нәтижесін бағалауда олардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мен табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдардың жиынтығы.

Болашақ педагог-психологтерді кәсіби даярлау процесінде қабілеттерге негізделген тәсіл әр түрлі қабілеттердің үйлесуі арқылы күтілетін нәтижелерді қалыптастыруды көздейді. Осы уақытқа дейін кәсіби құзыреттілікке байланысты педагогикалық және психологиялық ғылымдар бойынша бірыңғай пікір немесе тұжырым болған жоқ. Кейбір ғылыми еңбектерде кәсіби құзыреттілік мәселесі таным, технология, мотивация, мінез-құлық, құндылыққа бағдарлау жүйесі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, білім алушылардың алған білімдерін, дағдыларын, тәжірибесін, нақты жағдайларда мінез-құлық әдістерін жұмылдыру қабілетін немесе құзыреттілігін қалыптастыратын білім беру мазмұнын біріктіру процесін қарастыратын көптеген ғылыми еңбектер бар. Ғылыми қоғамдастықта болашақ педагог-психологтердің кәсіби қабілеттері тек университеттік оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар практикалық іс-әрекеттің немесе тәуелсіз ізденістердің нәтижесінде қалыптасады деген пікір бар.

Болашақ педагог-психологтердің (студенттердің) құзыреттілігін дамыту үшін оқу барысында түрлі семинарлар, семинар-практикум, семинар-конференция, дәрістер жүргізілетін болса, оқудан тыс уақыттарда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, мәдени-сауықтыру іс-шараларына қатысуы, мәдени, тарихи орындарға саяхаттау мен көрмелер ұйымдастыру, әртүрлі жарыстарға атсалысуы себеп бола алады. Тұлғаның дамуы бақылаудың әсер етуі нәтижесінде іске асатын құбылыс. Сол себепті, оларды психологиялық-педагогикалық тұрғыда бақылау маңызды. Ол үшін осы салада еңбек еткен ғалымдардың тесттері, сауалнамалары, ұсынған әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асыруға болады. Болашақ педагог-

психологтер жас ұрпақтың білім мен тәрбие алу мәселесіне тікелей жауапты болғандықтан, өзінің білімі, тәжірибесінен өзге, жоғарыда айтылған барлық талаптарға сай қабілеттерді меңгеруі тиіс. Сонда ғана олардың кәсіби құзыреттілігі одан ары дами түспек.

## ӘДЕБИЕТ

[1] 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Кіру режимі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/dosc/P1900000988>. [Қаралған күні: 15.01.2024]

[2] «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жоба, Қазақстан республикасының Үкіметінің Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген. – Кіру режимі: -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P210000724>. [Қаралған күні: 11.02.2024]

[3] Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы, 1998. – 320с.

[4] Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. – Москва, 2001. – С. 283.

[5] Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. –2003. –№5. –С. 34-42.

[6] Кудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2008. – 328с.

[7] Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док.... автореферат: Қарағанды, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40б.

[8] Gordon J.-S. Is Inclusive Education a Human Right? // Journal of Law, Medicine and Ethics. – 2013. - Vol. 41(4). – P.754-767.

[9] Семенов М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе: автореферат: док. пед. наук. –Қарағанда, 2005. –28с.

[10] Есимғалиева Т.М.Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайын. диссертация/ -Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ, 2002. –194 б.

[11] Tuninga R., Semen I. The Supply and Demand of Distance Education in Russia/ The World Bank, Bureau Cross.–1995. – P.110.

[12] Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. - Алматы: Экономика, 2011. – 316.

[13] Крутецкий В. А. Психология: Учебник. – Москва: Просвещение, 2008. – 352 с.

[14] Lindsay S., Proulx M., Scott H., Thomson N. Exploring teachers' strategies for including children with autism spectrum disorder in mainstream classrooms // International Journal of Inclusive Education. – 2014. – Vol. 18(2). – P. 101-122.

[15] Әлемдік педагогикалық ой-сана: 10 томдық / бас ред. Ж. Қ. Түймебаев. - Алматы: Таймас б.үйі, 2008. – (Мәдени мұра). – Кіру режимі: URL:[https://nabr.kz/ru/ecatalog?page=7&publication\\_type=0&sphere=1&title\\_first\\_letter=%D3%98&topic\(қараған күні: 19.04.2023\)](https://nabr.kz/ru/ecatalog?page=7&publication_type=0&sphere=1&title_first_letter=%D3%98&topic(қараған күні: 19.04.2023)). [Қаралған күні: 15.01.2024]

## REFERENCES

[1] 2020 – 225 zhyldarga arналған bilim berudі zhane gylymdy damytudyn memlekettik bagdarlamasy (State program for the development of education and science for 2020-2025) 2020. Kiru rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/dosc/P1900000988> (Accessed 21.02.2022). [Qaralған күni: 10.09.2023]. [in Kaz.]

[2] «Ulttyk ruhani zhangyru» ulttyk zhoba, kazakstan respublikasynyn Ukimetinin Kazakstan Respublikasy 2021 zhylygy 12 kazandagy № 724 kaulysymen bekitilgen. (On approval of the national project «Ulttyk ruhani zhangyru» Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan). Kiru rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724> (Qaralğan küni: 24.02.2023). [in Kaz.]

[3] Hmel' N.D. Teoreticheskie osnovy professional'noj podgotovki uchitelya (Theoretical foundations of teacher training). – Almaty, 1998. – 320 s.). [in Rus.]

[4] Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.YU. Pedagogicheskij slovar' dlya studentov vysshih i srednih pedagogicheskikh uchebnyh zavedenij (Pedagogical dictionary for students of higher and secondary pedagogical educational institutions). – M. – 2001. – S. 283. [in Rus.]

[5] Zimnyaya I.A. Klyuchevye kompetencii – novaya paradigma rezultat obrazovaniya (Key competencies - a new paradigm for educational results) // Vyshee obrazovanie segodnya, – 2003. – №5. – S. 34-42. [in Rus]

[6] Kudajbergeneva K.S. Kuzyrlylyl bilim spasynyn kriteriji: adisnamalyl zhane gylymi-teoriyalyl negizderi (Let's take a closer look at the criteria: to determine the theoretical and non-negotiable). – Almaty, 2008. – b. 328. [in Kaz.]

[7] Kenzhebekov B.T. Zhogary oku orny zhyjesinde bolashak mamandardyn kfaibi kuzyrettiligin kalyptastyru (Pedagogical conditions for the formation of professional competence of future teachers in the university: abstract of Doctor of Pedagogical Sciences). Karagandy: E.A. Boketov atyndagy KarMU. – 2005. – 40 b. [in Kaz.]

[8] Gordon J.S. Is Inclusive Education a Human Right? // Journal of Law, Medicine and Ethics. – 2013. – Vol. 41(4). – P. 754-767.

[9] Semenov M.V. Pedagogicheskie usloviya formirovaniya professional'nojkompetentnosti budushchih pedagogov v vuze (Formation of professional competence of future pedagogues-psychologists in the conditions of multilingual education: abstract of Doctor of Pedagogical Sciences). Karaganda. – 2005. – 28 s.[in Rus.]

[10] Esimgalieva T.M. // Bolashak pedagog-psihologtardin kacibikrzyrettiligin koptildi bilim beru zhagdajynda kalyptastyru (PhD) дәрежесін алw үшін даын. Dissertaciyaю (Formation of professional competence of future pedagogues-psychologists in the conditions of multilingual education). - Almaty, Abay at. QazUPU. – 2022. – 194 б. [in Kaz.]

[11] Tuninga R., Semen I. The Supply and Demand of Distance Education in Russia/ The World Bank, Bureau Cros. – 1995. – P.110.

[12] ZHysipova ZH.A. /Pedagogikalyk sheberlik [Pedagogical excellence]. Ekonomika. – Almaty, 2011. – 316 b).[in Kaz.]

[13] Kruteckij V. A. K84 Psihologiya: Uchebnik [Psychology: Textbook]. (Prosveshchenie. – Moscow, 2008. – 352 s.) [in Rus.]

[14] Alemdik pedagogikalyk oj-sana [Elektronnyj resurs]: 10 tomdyk (World pedagogical thought: 10 volumes)/ bas red. ZH. K. Tujmebaev. - Elektron. tekstovye dan.(19,7Mb). Almaty: Tajmas baspa uji, 2008. – (Madeni mura). Kiru rezhimi: //nabr.kz/ru/ecatalog?page=7&publication\_type=0&sphere=1&title\_first\_letter=%D3%98&topic [Qaralğan küni: 19.03.2023]. [in Kaz.]

[15] Lindsay S., Proulx M., Scot H., Thomson N. Exploring teachers' strategies for including children with autism spectrum disorder in mainstream classrooms // International Journal of Inclusive Education. – 2014. – Vol. 18(2). – P.101.

## **СОДЕРЖАНИЕ ПРОБЛЕМЫ КОМПЕТЕНТНОСТИ И СПОСОБНОСТЕЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ РАЗВИТИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ**

**\*Алпысбай Л. А.<sup>1</sup>, Кошербаева А.Н.<sup>2</sup>, Уристенбекова Г.К.<sup>3</sup>**

**\*<sup>1,2</sup>КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан**



**Аннотация.** В статье исследуется проблема развития компетентности будущих педагогов-психологов. Авторы акцентируют внимание на весомой роли, которую играют педагоги-психологи в определении и дальнейшем развитии уровня способности учителей и учащихся школ получать правильную информацию в эпоху современного образования, уметь распределять и целенаправленно ее использовать. Чем выше роль педагогов-психологов в обществе, которым сегодня доверена судьба воспитания и образования подрастающего поколения, тем важнее уровень их компетентности.

Содержание данного исследования рассматривает различные точки зрения на проблему компетентности. В частности, авторы акцентируют внимание на теоретических и практических достижениях известных отечественных и зарубежных ученых и практиков. В рамках статьи, исходя из научных взглядов, раскрыты направления и виды понятия «компетентность». В данном контексте описываются развивающие, образовательные, дидактические характеристики компетенции: отношение к человеку как к личности, будущему учителю; социальное воздействие на людей и социальную сферу; связанные с деятельностью человека и др. Авторы статьи, обобщая свои мысли, приходят к выводу о том, что «компетенции различаются по своей природе и функциям».

Одной из особенностей представленной работы является рассмотрение понятия компетентности применительно к деятельности педагога-психолога. В этом ракурсе коммуникативная способность справедливо названа наиболее необходимой для педагога-психолога; дается характеристика способности, ее классификация и существующие концепции. Кроме того, в статье уточняются функции психологической службы, выполняемой в современной школе, а также на основе взглядов В.А.Крутецкого представлена характеристика педагогических способностей. Ученый делит педагогическую компетентность на девять групп и описывает функции специалиста сегодня в стенах школы.

Авторы анализируют понятие «коммуникативная компетентность» применительно к деятельности педагога-психолога и дают различные определения и схематические характеристики.

**Ключевые слова:** педагог-психолог, психологическая деятельность, педагогическая психология, компетентность, способность, образование, подготовка, психологическая служба, классификация, педагогическая и коммуникативная компетентности

## **THE CONTENT OF THE PROBLEM OF COMPETENCE AND ABILITIES IN THE PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF FUTURE EDUCATIONAL PSYCHOLOGISTS**

\*Alpysbay L.A.<sup>1</sup>, Koshbaeva A.N.<sup>2</sup>, Urstenbekova G. K.<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

**Abstract.** The article deals with the issue of competence development of future teacher-psychologists. The author draws attention to the great role played by psychologists in order to correctly determine and further develop the level of ability of teachers and students to receive information in the era of the glory of today's education. This shows that the requirements for future teacher-psychologists are high. Regarding this issue, the great educator Akhmet Baitursynuly says: «If you raise a child as a boy, he will become a boy, if you raise him as a slave, he will become a slave», Today's child is tomorrow's citizen. Therefore, if we consider the great thought of the enlightened scientist, the future of

the nation - the education of the next generation is very important for our country. Therefore, the higher the role of pedagogues-psychologists in the society, the more important their competence is. The content of this study examines different perspectives on the issue of competence. In particular, the authors pay attention to the scientific views of well-known domestic and foreign scientists. Within the framework of the article, the directions and types of the concept of competence were described based on scientific views:

*Competencies that look at a person as an individual, a subject, a future teacher;*

*Competencies of social impact on people and social sphere;*

*- Competencies related to human activity.*

In describing the types of these competencies, the authors of the article summarize their thoughts and conclude that «competencies differ according to their nature and function».

One of the features of the presented article is that the authors consider the concept of competence in relation to the activity of a teacher-psychologist. In this context, the communicative ability is summarized as the most necessary for a teacher-psychologist and focuses on the description of the ability, the concepts known by its classification. In this direction, the text of the article shows that the famous Russian scientist V.A. Krutetsky divides the pedagogical abilities into nine groups, and the functions performed by the specialist in the school today are shown.

In the article, the concept of «communicative competence» is analyzed in relation to the activities of a teacher-psychologist, various definitions and outlines are given.

**Key words:** educational psychjlogist, psychological service, educational psychology, competence, abilities, education, training, function, classification, pedagogical competence

*Мақала түсті: 4 қараша 2023*